

Ақтау қаласы бойынша 2023 жылға арналған шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 2 мамырдағы № 2 /8 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 5 мамырда № 4557-12 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 8/45 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды- Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 06.12.2023 № 8/45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы №787 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ақтау қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері – болу құнының 1 (бір) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтау қалалық мәслихатының төрағасы

С. Закенов